

ОТАНДЫҚ ІТ-НАРЫҒЫ ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІ ЖАҢҒЫРТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРҒА ДАЙЫН. БҰҒАН ҚТЖ КОМПАНИЯСЫ ДА КӨМЕКТЕСУГЕ ӘЗІР. СЕБЕБІ, ТЕМІРЖОЛДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ СИПАТЫ – БҰЛ ТЕК ІТ ЖОБАЛАР ҒАНА ЕМЕС, ОЛ ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ САЛАСЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ. БІЗ ОСЫ ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНУҒА ДАЙЫНБЫЗ.

Әнуар АХМЕТЖАНОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының стратегия және
цифрландыру бойынша орынбасары



№35 (2750)
13/05/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ПОДПИСАН СТРАТЕГИЧЕСКИЙ ДОКУМЕНТ

Железнодорожные администрации Казахстана и Турции договорились о развитии логистических сервисов. Это придаст новый импульс развитию экономики двух стран.

Жаныбек КЕНЕС
Нур-Султан

Соглашение о сотрудничестве между железнодорожными администрациями Казахстана и Турции подписали в Анкаре председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Нурлан Сауранбаев и генеральный директор АО «TCDD Taşımacılık A.Ş.» Хасан Пезюк.

Документ направлен на укрепление сотрудничества и развитие логистического потенциала обеих стран, которое включает в себя использование железнодорожной линии Карс – Ахалкалаки в качестве ключевого коридора в Турцию.

Согласно документу, турецкая сторона подтвердила четырехкратное увеличение пропускной способности и объема грузопотока по данному коридору к 2023 году.

Фото Александра ЖАБЧУКА



ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ҚТЖ КАПИТАЛЬНО
ОТРЕМОНТИРУЕТ СВЫШЕ

550 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПУТИ
В 2022 ГОДУ

ПЕРЕВОЗКА ГРУЗОВ
НА ЭКСПОРТ ПО СЕТИ
АО «НК «ҚТЖ» ЗА ПЕРВЫЙ
КВАРТАЛ 2022 ГОДА ДОСТИГЛА

22,9 млн тонн

СВЫШЕ

200

КОНТЕЙНЕРОВ
ОТПРАВЛЕНО НА БОРТУ
СУДНА «БЕКЕТ АТМ»
ПО МАРШРУТУ ТМТМ

Транзит

ТРАНСКАСПИЙ ТАСЫМАЛЫ АРТАДЫ

Мемлекет басшысының Түркияға сапары аясында көлік саласында да бірқатар уағдаластықтарға қол жеткізілді. Анкара қаласында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нурлан Сауранбаевтың төрағалығымен «Транскаспий халықаралық көлік бағдары» Халықаралық қауымдастығы Жалпы жиынының (Middle sorridor) мәжілісі өтті.

Жиынға қатысушылар қауымдастықтың өткен, 2021 жылғы есебін тыңдап, Транскаспий халықаралық көлік бағдарын (ТХКБ) дамыту стратегиясын, тасымал тетіктерін, маркетингтік жоспарды және 2022 жылға арналған тарифтік саясатты талқылады. Биыл контейнерлік тасымал өткен жылға қарағанда екі есе көбейіп, 50 мың ЖФЭ дейін жетеді деп жоспарланып отыр. Сонымен қатар жалпы тасымал алты есеге – 3,2 млн тоннаға дейін артады деген болжам бар.

Айта кету керек, биылдың өзінде, яғни 2022 жылдың 4 айында ТХКБ бағыты бойынша 733 мың тонна жүк тасымалданған.

Бұл – 5 мыңнан астам вагон ары-бері өтіп, 10 мың ЖФЭ контейнерлерді диттеген жеріне жеткізді деген сөз. Іс-шара қорытындысы бойынша ТХКБ бағытымен жүк легі ұлғайып жатқандықтан үздіксіз тасымалдауды бәсеңдетпеу мәселесі келісілді.

Транскаспий халықаралық көлік бағыты Қытай, Қазақстан, Каспий теңізі акваториясы, Әзірбайжан, Грузия, Түркия және Қара теңіз арқылы Еуропа елдеріне өтеді. "ТХКБ" қауымдастығына 20 компания мүшелікке кірсе, оның ішінде теміржол әкімшіліктері, порттар, 8 елдің кеме қатынасы және логистикалық компаниялар бар.

Ұлан ОРАЗ



Дармен ЕСЕНБАЕВ,
главный менеджер
группы негосударственной противопожарной службы АО «НК «ҚТЖ»:

ОТРАДЫ НЕГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОТИВОПОЖАРНОЙ СЛУЖБЫ АО «НК «ҚТЖ» ГОТОВЫ В ЛЮБОЙ МОМЕНТ К ЛИКВИДАЦИИ ОГНЯ И ПРОВЕДЕНИЮ АВАРИЙНО-СПАСАТЕЛЬНЫХ РАБОТ. С НАЧАЛА ТЕКУЩЕГО ГОДА ПОЖАРНЫЕ ПОЕЗДА И АВТОМАШИНЫ АО «НК «ҚТЖ» 15 РАЗ ВЫЕЗЖАЛИ ДЛЯ ТУШЕНИЯ ВОЗГОРАНИЙ

РЕМОНТ ПОВЫШАЕТ НАДЕЖНОСТЬ



ПРЕСС-ТУР

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Шымкент

Наряду с представителями СМИ в мероприятии, организованном ҚТЖ, приняли участие директор департамента пути и сооружений филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Ербол Саулебеков, руководство Шымкентского отделения магистральной сети и Шуской механизированной дистанции пути.

Железнодорожники рассказали журналистам о летне-путевых работах и показали, как проходит капитальный ремонт пути на перегоне Шағыр – Талдыкүдук в Шымкентском отделении магистральной сети.

В этом году в регионе капитально отремонтируют 27,312 километра железнодорожного полотна. По Шымкентской дистанции пути (ПЧ-53) работы уже завершены. В общей сложности модернизировано 17,497 километра пути на перегонах Арыс-2 – Калаш, Калаш – Бадам, Шымкент – Кызылсай, Сас-Тобе – Менлибай и Менлибай – Коктерек.

По ПЧ-54 Арыс запланирован



капремонт в объеме 9,815 километра, из них 3,052 – на перегоне Талдыкүдук – Шағыр и 6,763 – на перегоне Шанак – Шенгельды.

Аналогичная работа с применением

специальной путевой техники (разборочный и укладочный краны, выправочно-подбивочно-рихтовочные, путерихтовочные машины, платформы, оборудованные универсальным съемным оборудованием и т.д.) ведется в границах Павлодарского, Карагандинского, Костанайского, Кызылординского, Атырауского, Мангистауского отделений магистральной сети.

Во время пресс-тура представителям СМИ наглядно продемонстрировали, как на месте демонтированного старого

пути укладывается новая рельсошпальная решетка. В этом процессе была задействована машина SMD-80, предназначенная для разборки и укладки рельсов и шпал полностью и работы раздельным способом.

Говоря о преимуществах использования австрийского путеремонтного комплекса SMD-80 по сравнению с традиционной технологией производства капитального ремонта пути с помощью машины УК (РФ), Ербол Саулебеков отметил отсутствие потребности в производственной базе для зашивки и расшивки рельсошпальной решетки, а также необходимости доставлять ее до места работы и обратно.

– Комплекс SMD-80 параллельно производит уборку старых шпал с пути, планировку оснований, укладку новых шпал по эюпке на подготовленную площадку и замену старогонных рельсов на новые, – проинформировал он.

Плановый ремонт железнодорожной магистрали проводится в АО «НК «ҚТЖ» ежегодно. Кроме работ капитального характера, в этом году железнодорожники выполняют усиленный средний и средний ремонт 133,5 километра пути. Предусмотрена смена рельсовых опор на 75,15 километра, рельсовой колеи на 164,47 километра и другие мероприятия.

До конца года всеми видами ремонтных работ планируется оздоровить около 1 054 километров железнодорожного полотна по сети АО «НК «ҚТЖ». При этом капитально будет отремонтировано более 550 километров пути.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ПОЙЫЗДА ТЕГІН ЖҮРЕДІ



Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері ҚТЖ пойыздарында екі ай тегін жүре алады. Мұндай акцияны «Жеңіс» бастамасы аясында «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жылда өткізуде.

Акция Қазақстан мен ТМД елдері шегіндегі пойыздардың ҚТЖ қызмет көрсететін бағыттарын қамтиды. Бұл мүмкіндікті 1935 жылдың 31 желтоқсанына дейін туған ҰОС қатысушылары, мүгедектері, тыл еңбеккерлері және еңбек майданының қатысушылары пайдалана алады. Барлық қатынастардағы (ТМД шегінде) барлық санаттағы пойыздардың купелік вагондарында, сондай-ақ қала маңындағы қатынастағы пойыздарда, "Турист" класты вагондарда және "Talgo" компаниясының вагондарынан қалыптастырылған пойыздарда мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған мамандандырылған купеде тегін жол жүру көзделген.

Тегін жол жүру құжаттарын ресімдеу үшін "Жолаушылар тасымалы" АҚ билет кассасына Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжатты, сондай-ақ Ұлы Отан соғысына қатысушының немесе мүгедегінің куәлігін, тыл еңбеккері және еңбек майданының қатысушысы ретінде арнайы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау туралы уәкілетті органның белгісі бар зейнетақы куәлігін ұсыну қажет. ТМД елдеріне барған жағдайда тегін жол жүру құжаттарын Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан сату пункттерінде ғана ресімделеді.

Науқан 2022 жылдың 30 маусымына дейін жарамды.

Сұлғұл БАКЕСОВА

ҚОР ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



«ҚТЖ-ЖТ» ЖШС «Батыс» филиалына қарасты Қызылорда қосалқы бөлімінде аймақ теміржолы басшыларының «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғаммен байланыс және өзгерістерді басқару жөніндегі басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов бастаған қор өкiлдерiмен кездесу болып өттi.

Соңғы кезде ауқымды құрылымдық өзгерістерді бастан кешіп отырған қор орын алып отырған жағдайға байланысты түсінік беріп, биылға және алдағы жылдарға арналған жоспарымен бөлісуді жөн көрітті. Стратегиялық компания ретінде жұмыс жасап келген қор алдағы уақытта инвестициялық холдинг дәрежесінде жұмыс жасауға бағыт алған.

Қор есебіне кіретін компаниялардағы 250 мыңға жуық адамның жартысын ҚТЖ еңбеккерлері құрайтындықтан (146 мың) «Самұрық-Қазына» қорының өкiлдерi алдымен теміржолшылармен кездесіп, олардың ұсыныс-тілектерін де тыңдады. Теміржол саласына байланысты туындап отырған сауалдар міндетті түрде ескеріліп, алдағы жұмыс жоспарынан тыс қалмайтыны айтылды.

Өңірдегі салалық, өндірістік жұмыстарды жетілдіруге қатысты сауалдар аз болған жоқ. Сексеуіл-Қоскөл телімінде вахталық тәсілмен жұмыс жасайтын теміржолшылардың 2014 жылы берілген вагон-модульдерде тұрып жатқандығы, қазіргі таңда оны жаңарту жоспарда болса да, орындалуы кешіктірілуде екенін, сонымен қатар жолшылар қолданысындағы көліктерді ауыстыру мәселесін Магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Ибрагим Басықараев көтерді. «Қазкөліккәсіп» ҚБ филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов теміржолшылардың еңбекқасиетін көтеруді, экологиялық төлем төленгенін өзінде аймақ теміржолшыларының өзге аймақтағы әріптестері деңгейінде жалақы алатынын жеткізіп, оптимизацияға қатысты теміржолшылардың зейнет жасын төмендетуді ұсынды. Сонымен қатар, аймақ теміржолшының технологиялық талаптарға сай болуы үшін сатып алынатын керек-жарақтарға тендердің ертерек өткізілуі де сөз болды.

Жалпы жиында «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі алдағы уақытта 15 мың адамды жұмыспен қамтитын жобалар қолға алынатынын, қор жаңа реформмен жедел және жүйелі жұмыс жасау тетігіне көшкенін, ал осынау жоспарлы шаралардың негізі адам факторына аса мән беруге бағытталып отырғанын жеткізді.

Сабырхан СЕИЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Отан қорғаушылар және Жеңіс күні мерекелерін арнайы бағдарлама шеңберінде атап өтті. Ұлттық компанияда 22 ҰОС ардагері, Халықтық жол және қатынастар комиссариаты арнайы құрылымдарынан 5 адам және 2881 тыл еңбеккері есепте тұр.



Мереке қарсаңында жас теміржолшылар 85 ардагерге азық-түлік себетін табыстаса, өздігінен жүріп-тұратын 65 тыл еңбеккері мен сала ардагерлері салтанатты жиынға арнайы шақырылды. 6 мамыр күні елордалық ардагерлер мен тыл еңбеккерлері «Отан-Ана» Отан қорғаушылар монументіне гүл шоқтарын қойып, соғыста қаза тапқан майдангерлерді еске алды. Мерекелік шара ҚТЖ орталық ғимаратында өткен концерттік бағдарламамен жалғасты. Жеңіс күніне орай теміржолшылардың соғысқа қатысқан туыстарының

суреттері компания сайтында жарияланып, орталық ғимараттың үшінші қабатында ілінді. Концерттік бағдарлама әдеттегідей компанияның өнерпаз қызметкерлерінің күшімен ұйымдастырылды. Соғыс және тыл ардагерлерін жастар қызыл кілеммен өткізіп, қошеметпен қарсы алды. Сахнада «Әскери вальс», «Катюша», «Көк орамал» билері орындалып, соғыс кезіндегі әндер шырқалды.

Ұлан ОРАЗ, Нұр-Сұлтан
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Бүгінде ел шығысы бойынша жалпы саны 43 соғыс ардагері қалған, соның ішінде бір ғана көзі тірі қарт теміржолшы бар.

Семей магистральдық желі бөлімшесінің қызметкерлері Жеңіс күні Дмитрий Литвиненконы мерекемен құттықтап, сый-сияпаттарын тарту етті. Сонымен қатар Жеңіс күніне орай бөлімшеге қарасты барлық тыл ардагерлерін құттықтау шаралары ұйымдастырылып, Аягөз станциясының теміржолшылары ТЧЭ-25 локомотив депосы жанында орналасқан, Ұлы Отан соғысына қатысқан Түркіб машинистеріне

арналған аллеяға келіп, батырлар рухына тағзым жасады. Ал, Семей қаласындағы мерекелік салтанатты шараға барша теміржолшыларды бөлімше басшысы Владимир Бабиченко мен салалық кәсіподақ ұйымының төрағасы Алик Досанов бастап келді. Сұрапыл күндер бір минуттық үнсіздікпен еске алынып, теміржолшылар Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

Қуан ЕРТИС, Семей

Ұлы Жеңістің 77 жылдығына аман-есен жеткен Арыс пен Шымкент қаласында тұратын төрт теміржолшы ардагер бар. Олар: Қадыр Атажанов, Рахым Исмаилов, Қалмен Мұратов пен Исамахаммед Ахметов.

Мереке қарсаңында Шымкент ЖТ бөлімшесінің директоры Амангелді Арысбаев бастаған кәсіподақ және кадр бөлімінің өкілдерінен құралған топ қарт майдангерлердің шаңырағында болып, арнайы сый-сияпаттарын табыс етті.



Амангелді Арысбаев ардагерлерді Жеңіс мерекесімен құттықтап, хал-жағдайларын сұрап, қажеттіліктеріне назар аударды. «Ұлы Жеңіс күнінің халқымыз үшін орны бөлек. Кешегі күні фашизмді жеңген кеңес елі құрамындағы он бес республика қатарында қазақтардың үлес салмағы аз болған жоқ және батыр халық деген атымыз қалыптасты. Сол ерлеріміздің соңғы жұрнағындай көзі тірі санаулы ардагерлеріміз сіздердің біз үшін орындарыңыз

бөлек. Елге оралған соң көп жыл теміржолда еңбек етіп, осы саланың дамуына атсалыстыңыздар. Өмір жолдарыңыз кейінгі теміржолшыларға үлгі болып қала береді», – деді А.Арысбаев.

Жан ПЕРДЕБЕК,
Түркістан-Шымкент
Суретті түсірген автор

«ҚТЖ-ЖТ» ЖШС «Батыс» аймақтық филиалының басшысы Бөріхан Беркімбаев тыл ардагері Дәметкен Әлмұратованы Ұлы Жеңіс күнімен құттықтады. Сұрапыл соғыс жылдары теміржолда еңбек еткен кейуана бүгінде 98 жаста.

Сұм соғыс басталғанда 17 жастағы өрімдей қыз оқуын тастап, соғысқа кеткен әкесінің орнына Шалқар станциясына жол бұрушы болып жұмысқа кіреді. Уақыт өте әке жолы бүтін бір ұрпағының ата кәсібіне айналды. "Біз жұмыс талғаған жоқпыз. Соғыс кезінде ертелі-кештегі өмірімізді шойын жолдың бойында, қара жұмыс атқарумен өткіздік. Рельс-шпал ауыстыру, ауыр лом, зілдей балға, темір-терсектен бастап, көмірді арқалап жүріп таситын едік. Ал тұңмен тағы ұйықтамай соғыстағы солдаттар үшін киім тоқимыз. Кезекшілікте май шаммен отырып тоқыған шұлық, қолғаптардың есебі жоқ", – дейді Дәметкен Әлмұратова.

Тыл еңбеккерін арнайы құттықтай барған Бөріхан Сматуллаұлы ардагердің құшағын гүлге

толтырып, ақшалай сыйлық және азық-түлік себетін тарту етті. Дәметкен апа бұрынғыдай емес, құлағы ауыр естиді. Бірақ ойы жүйелі, жады сол қалпында. Сонау тарих қойнауында қалған үрейлі соғыс жылдарын, радиодан «Жеңіс» хабарын естігенде теміржол бойында сүйінші сұрап жүгіргенін көзіне жас алып отырып айтып берді. Соғыстан кейін Қазалы қаласындағы техникалық мектепті тәмамдап, станция кезекшісі болған Дәметкен апа Шалқар ауданындағы №62 Тобылғысай разьезінде 1974 жылға дейін еңбек етіп, көпбалалы ана ретінде 50 жасында еңбек демалысына шыққан. Қарт ананың ұлдары да теміржолшы болып, қазір зейнет жасына шығып отыр.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН БҰЗУШЫЛАР АЗ ЕМЕС



Даниял ХАМИТ,
Шымкент

Оның сыртында жыл басынан бері машинистер жолға адам шығып кетуіне байланысты 14 рет пойызды шұғыл тоқтатуға мәжбүр болған. Бұл жерде ескере кететін бір жайт, пойыз автокөлік емес, тоқтауы қиын. Тежеуішті басқаннан кейін бір шақырым жүріп барып тоқтауы мүмкін. Осыны кейде білместіктен, кейде біле тұра асығыстықтан немесе абайсыздықтан ереже бұзатындар аз емес.

«Қазақстан темір жолы» компаниясы қомақты қаржы жұмсап, пойыз



өтетін ауыл-аймақтардағы жолдарға қоршау орнатады. Соған қарамастан

темір жол маңында тұратын тұрғындар, соның ішінде балалар да бар, өз өмірлерін қатерге тігеді. Онымен қоймай қоршау материалдарын ұрлап кетіп жатады.

Темір жол – өте қауіпті аумақ. Ол титтей де болсын қателікті кешірмейді. Сондықтан темір жол ережелерін барынша сақтаған абзал. Шойын жолды жағалай қонған тұрғындарға осы қауіп-қатерді түсіндіріп, тәртіп бұзғандарды анықтау үшін темір жол қызметкерлері, әскерилендірілген темір жол күзеті және көлік полициясының өкілдері Шымкентте арнайы рейд өткізіп жатыр. Қарекеттің басты мақсаты – жазықтыны жазалау емес, қайғылы жағдайдың алдын алу.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖАУАПСЫЗДЫҚ ЖАРҒА ЖЫҚПАСЫН ДЕСЕК...



Магистральдық желі дирекциясы теміржолшылардың денсаулығы мен өмірін сақтауға, еңбек қорғау мен қауіпсіздік деңгейін арттыруға жыл сайын 5,5 млрд теңгеден астам қаржы бөледі. Демек, осыншама сомаға жыл сайын қауіпсіз еңбек және санитарлық-гигиеналық жағдай жасау бағытында шаралар атқарылады деген сөз.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Нәтижесі қандай десек, биылғы жылдың алғашқы тоқсанында дирекцияның желілік кәсіпорындарында бірде-бір өндірістік жарақаттану оқиғасы орын алмағаны ауызға алынады. Ал өткен жылы осы кезеңде 5 жазатайым жағдай тіркелген. Бұл туралы жуырда Еңбек қорғау күніне орай өткен жиында Еңбек қорғау және қауіпсіздік, өнеркәсіптік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры Е.Сәкенов мәлімдеді. Ол әріптестерін нәлдік жарақаттануға қол жеткізуге атсалысуға шақырды. Мысалы, 20 жылдан астам уақыт өндірісте жарақаттануға жол бермей жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар баршылық. Айталық, ШЧ-17 Атбасар, ШЧ-13 Жаңасіл, ШЧ-26 Қостанай, ШЧ-22 Жаңаарқа, ШЧ-23 Балқаш, МБ Қарағанды, ВП-21 Жаңаарқа, НОРП-13 Қарағанды, ПЧ-39 Семей, ШЧ-30 Аягөз, ШЧ-8 Атырау, ШЧ-9 Ақжайық, ШЧ-11 Құлсары, ВП-9 Атырау,

НОРПОЖ-11 Атырау филиалдары алдыңғы лекте аталады. Міне, осы деректен-ақ, техникалық және нормативтік мүмкіндіктердің тең жағдайында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ете отырып, өндірістік жарақатсыз жұмыс істеуге болатынын байқаймыз. Бүгінгі таңда жалпы компания бойынша еңбек қорғауды басқару жүйесін трансформациялау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Дирекция 2019 жылы нәлдік жарақаттануға қол жеткізу бойынша стратегия қабылдап, жұмысшылардың еңбек мәдениетін және қауіпсіздікті сақтап, қолайлы ортада жұмыс істеу тек өздеріне байланысты екендіктеріне мән беруге шақырды. Алайда, өндіріске жаңа, заманауи және қауіпсіз технологиялардың енгізіліп жатқанына қарамастан, дирекция филиалдарында адам шығыны да жоқ емес. Айталық, 2010-2022 жылдар аралығында 48 қызметкер жұмыс орнында қаза тауып, 57 адам мүгедек болып қалған. – Жазатайым оқиғаларға жүргізілген

тергеу-тексеру, өндірістері адам өлімі, жұмыс берушілер, өндіріс басшылары және зардап шеккендер тарапынан немқұрайлылық, жауапсыздық, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға салғырттықпен қараудың салдары екенін көрсетіп отыр. Жұмыс берушілер мен қызметкерлер қауіпсіздік мәдениеті сақталмай, өндірістік жарақаттануды жою мүмкін емесін түсінуді керек. Ал қауіпсіздік мәдениетін біз Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттелетін белгіленген қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтағанда ғана қалыптастыра аламыз, – деді Еркен Сәкенов.

Магистральдық желі дирекциясының бас инженері Қайырбай Орынбаев еңбек қорғаудың жоғары мәдениетін қалыптастыру үшін басты қажет дүние, ол сенім мен өзара құрметке негізделген ашық ақпарат алмасу және жауапкершілік екенін мәлімдеді. Ал жауапсыздық – қашан да жарға жығатыны дәлелденген аксиома.

ҚҰРЫЛЫС ШИКІЗАТЫНА СҰРАНЫС АРТҚАН



Жарма – Жаңа-Семей телімінің 739,9 шақырымында орын тепкен 3-ші класты Суықбұлақ станциясы ағымдағы жылдың алғашқы тоқсанында жүк тиеуден рекордтық көрсеткішке қол жеткізді.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Биылғы төрт айда жүк тасымалы бойынша басты ерекшелік құрылыс материалдарын тиеу көрсеткіштерінің жоспардан асыра орындалуы болып отыр. Станциядан қазіргі күні тәулігіне 95-100 вагонға дейін әктас пен қиыршық тас тиеліп жөнелтіліп жатыр. Жалпы, Шығыс өңірінде жылдың алғашқы айларында жүк тиеу мен тасымалдау біршама саябырлайтынын ескерсек, мұның өзі жоспарды толық орындау үшін үлкен көрсеткіш саналады.

Жергілікті теміржолшылар құрылыс заттарын тиеуге тапсырыс беретін «Алина» ЖШС, «Семей цемент зауы-

ты» АҚ, т.б. өнеркәсіп орындарымен ынтымақтастықты нығайта отырып, тиелетін жүк көлемін жыл соңына дейін 1,0 млн тоннаға жеткізуді жоспарлап отыр. Яғни, негізінен құрылыс материалдарына қажетті шикізат тиелетін Суықбұлақ станциясындағы өндірістік процестер осы себептен артуда. – Біздің станциядағы жүк тиеу, түсіру жұмыстары маусымдық болып саналмайды. Қысы-жазы бір қалыпта, 24 сағат көлемінде қызмет көрсетеміз. Қазіргі күндері тұрақты түрде тәулігіне 90 вагонға жүк тиеп жолға шығара аламыз. Кейде тапсырыс саны күрт артып кететін кездер де болады, – дейді станция басшысы, жас та болса білікті теміржолшы болып танылып үлгерген

Ернұр Талғатұлы. Осы төңіректе орналасқан үш зауыттың өндіріс көлемін еселеп арттыру қосымша шараларды қолға алуға мәжбүрлейді. Ағымдағы жылдың 4 айы ішінде бес мыңның үстіндегі вагонға жүк тиеліп, жолға шығарылған. Бұл көрсеткіш екінші жартыжылдық бойынша жоғарылай түседі деген болжам бар. Небәрі 16 теміржолшы еңбек ететін станция ұжымына салмақ та артуда. – Тиелетін жүк саны да жылдан-жылға өсіп келеді. Әсіресе, биылғы жылдың алғашқы айлары ерекше болып тұр. Ендігі аралықта өндіріс барысында табысты еңбек ету мен қозғалыс қауіпсіздігін сақтау ғана біз үшін бұлжымас міндет. Бұл тарапта қолға алған жұмыстарымыз нәтижелі орындалып жатыр, – дейді станция басшысы. Жуырда көктемгі комиссиялық тексерумен Суықбұлақ станциясында болған бөлімше басшысы Владимир Бабиченко мұндағы жүк тиеу, жүк пойыздарын жөнелту мен бос вагондарды қабылдап алу шараларымен танысып, алдағы уақыттарда өндірістік процесті техникалық талаптарға сай жүргізу және жұмыс барысын жеделдету бойынша бірқатар тың шаралар қабылдау туралы мәселе көтеріпті. Демек, құрылыс материалдарын жөнелту бағытында қарқын алған жұмыстар жанашырлықтармен толығы түседі деуге толық негіз бар. Жалпы, бүгінде Семей ЖТ бөлімшесі бойынша жыл үлесінде атқарылуы тиіс іс-шаралар легі бекітіліп, жоспарға сай жүргізілуде. Бұл орайда жүк айналымын арттыру бойынша қолға алынған жұмыстар ойдағыдай нәтиже беруде. Яғни, жыл үлесіндегі көрсеткіштер де арта түседі деген сөз. Оған шағын болса да ауқымды жұмыс атқарып отырған Суықбұлақ та өз үлесін қосады.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПТІ АЙМАҚТА САҚТЫҚ ҚАЗЖЕТ

Атырау темір жолында арнайы жаяу жүргіншілер өтетін бірнеше аспалы көпір бар. Соның бірі қала орталығындағы Ақжайық станциясында орналасқан. Бұл көпірдің қала тұрғындары үшін маңызы ерекше.



Өйткені Атырау жол бөлімшесі маңындағы үйлер мен темір жолдың арғы бетіндегі Химпоселок ауылы тұрғындары үшін көпір – күнделікті жұмысқа, оқуға, басқа да шаруаларына барар қатынас жолы, оларға автобуспен бүкіл қаланы айналып өту тиімсіз. Жаяу да болса осы көпір арқылы, төтесінен өте шыққан әлдеқайда тез. Бірақ, қаншама ескерту берілсе де пойыз астынан өтуге болмайтынын, өмірге қауіпті екенін түсінбейтін жүргіншілер жетерлік. Соның ішінде әсіресе, жасөспірім балалар белгіленбеген жерден өту адам өміріне аса қауіпті екенін ескере бермейді.

Осыған орай жуырда станция қызметкерлері мен желілік полиция қызметкерлері Химпоселок ықшам ауданындағы М.Әуезов атындағы №7 мектеп оқушыларымен

кездесіп, «Темір жол – қауіпті аймақ» тақырыбында дәріс оқып, қауіпсіздік жөнінде мәліметтермен таныстырды. Жиыңға 4-9 сынып аралығындағы 220 оқушы қатысты. Мамандар жасөспірімдерге көрнекі плакаттар, бейне түсірілімдер арқылы қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйретті. Көпірмен өтудің маңыздылығын, пойыздың астымен өту адам өміріне аса қауіпті екендігін ұғындырды. Мұның бәрі алдымен қауіпсіздік үшін қажет, станция бойында маневрлік жұмыстар жүреді, күндіз-түні пойыз қозғалысы толастамайды. Соған қарамастан көпірден өтпей, кейбір тұрғындардың және балалардың рельстен тура пойыз астымен өтіп шығам дегуе болмайтынын түсіндірді.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

ОСОБОЕ ПРЕДНАЗНАЧЕНИЕ СУДЬБЫ

Почетного железнодорожника, ветерана отрасли **Еркена Нуркеева с юбилеем поздравило руководство Акмолинского отделения грузовых перевозок.**



Еркен Жуанович проработал на железной дороге более 40 лет. Она вошла в его жизнь с самого детства. Он родился на станции Сороковая. Окно его дома открывало вид на железнодорожные пути. Стук колес от проходящих мимо поездов не смолкал ни днем, ни ночью, со временем этот звук стал родным. После армии Еркен пришел работать на станцию Целиноград дежурным по разъезду №101. Одновременно заочно учился в Целиноградском железнодорожном техникуме. А позже закрепил знания в Алма-Атинском институте инженеров железнодорожного транспорта.

В разные годы работал на ответственных участках: дежурным по станции Анар, поездным диспетчером, ревизором Целинной железной дороги. Возглавлял станции Атбасар и Аркалык. На станции Аркалык участвовал в организации эффективного вывоза алюминиевой руды в Павлодар-

скую область, глины – на Урал.

За годы работы Еркен Нуркеев прошел, как по ступеням, по различным ответственным должностям. Был начальником отдела перевозок Целинной железной дороги, руководителем диспетчерского центра управления, главным инженером Акмолинской железной дороги, главным менеджером департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ». На каждой должности стояли задачи невероятной сложности, с которыми железнодорожник успешно справлялся. Под его руководством был изменен план формирования поездов, что позволило организовать пропуск через столицу транзитных поездов.

С 2015 года Еркен Жуанович на заслуженном отдыхе.

За добросовестный многолетний труд, прекрасное знание своего дела он награжден знаком «Почетный железнодорожник», почетными грамотами и благодарственными

письмами от руководства АО «НК «ҚТЖ», м и н и с т р а транспорта и коммуникаций РК, нагрудными знаками «Біртұтас Қазақ темір жолына 50 жыл», «Адал еңбегі үшін» и памятным знаком «Қазақстан темір жолына 110 жыл». Но есть у него и самые главные железнодорожные награды – уважение со стороны коллег. Это огромная честь и колоссальная ответственность.

Еркен Жуанович был требовательным к окружающим и к себе. Его рабочий день начинался в 6 часов утра, возвращался он домой глубокой ночью, где ждала любящая и понимающая супруга Акима Камидоллаевна. Она также много лет проработала на железной дороге. Осенью в прошлом году супруги отметили 45-летие совместной жизни.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ
Фото автора

Спорт

ТУРНИР ТАРТЫСТЫ ӨТТІ

Отан қорғаушылар күніне орай Қызылорда теміржолшылары волейболдан турнир өткізді. Алты мекеменің спортқұмар жастарынан жасақталған құрама командалар іріктеу кезеңін өткізіп, үздік шыққандар жүлделі орындарға таласты.



Кәсіби спортшылардан кем түспейтін Қызылорда локомотив пайдалану депосының «ТЧЭ-34» командасы,

Қызылорда ЖТ бөлімшесі мен Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясының құрамалары теңбіл

Ақтөбе жол дистанциясының еңбеккерлері мен ардагерлері арасында волейболдан жарыс өтті. Шара «KAZPROFTRANS» ұйымының 30 жылдығы мен еңбек ардагері Зейнулла Тайғұловтың 80 жылдығы құрметіне арналды.

Салауатты өмір салтын қолдап, әрдайым спорттық шараларда белсенділік танытатын ардагер теміржолшылар бұл жолы да үздік ойын үлгісін көрсетіп, әріптестеріне үлгі болды. Сайыс соңында жүлдегерлерге естелік сыйлықтар мен марапаттар табыс етілді.

Зейнулла Тайғұлов – өмірінің ширек ғасырын теміржол саласына арнаған

жан. Еңбек жолын 1966 жылы Маңғышлақ жол дистанциясында бастаған жолшы көпір шебері, жол шебері, аға жол шебері болған. Кейін Гурьевте жол бөлімшесі басшысының орынбасары, жол дистанциясының бас инженері болды, Қандыағаш жол дистанциясында талай жыл еңбек етті. Батыс аймақтық жол

допты торда тулатып, өзара жүлделі орындарды бөлісті. Жалпы тартысты өткен турнирде қарсыластарынан ұпай санымен алға озған «НОД-ПТ-10» құрамасы бірінші, «ЭЧ-25» екінші, ал «ТЧЭ-34» құрамасы 3-орынды иеленді. Жүлдегерлерге қомақты сыйлық берілсе, қалған үш команда ынталандыру сыйлығын алды.

Осы күні тағы бір спорт бәсекесін Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің кәсіподақ ұйымы ұйымдастырды. Бөлімшеге қарасты мекемелердің теміржолшыларынан жасақталған құрама командалардың бөлімшеішілік волейбол жарысы да тартысты өтті. Нәтижесінде Өрт сөндіру пойызының құрама командасы «Норпож» 3-орын, Магистральдық желі бөлімшесінің «НЖС» командасы 2-орын, Қызылорда қалпына келтіру пойызының «ВП» командасы жүлделі 1-орынды иемденіп, марапатқа ие болды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда
Суретті түсірген автор



шаруашылығында талай шөкірт тәрбиелеген ұстаз.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

«ТЕМІРЖОЛШЫ» СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Ақтөбедегі Әуе қалашығы ауданында ашылған спорт кешені жергілікті теміржолшыларды шексіз қуанышқа бөледі. Отан қорғаушылар және Жеңіс күні мерекесіне орай "Теміржолшы" спорт кешенінің ашылу салтанатына спортсүйер қауым көп жиналды.



Спорт кешені көпшілік көңілінен шығатындай жабдықталған. Қажетті спорт құралдары да жеткілікті. Сондай-ақ, спортшылар үшін санитарлық-тұрмыстық жағдайлар да талапқа сай жасалған. Фитнес залы, ауыр атлетика, күрес құралдары, гимнастика, жүгіру қондырғылары бәрі бар. Қысқасы, жан-жақты спортпен шұғылдануға мүмкіндік мол. Кешен сала кәсіподағының қаржылық демеушілігімен ашылып отыр.

Ардагерлер мен теміржолшылар осы орталықтағы спорттық аппараттарды отбасымен тегін пайдалана алатыны да айтылды.

Нысанның ашылуына арнайы келіп қатысқан Салалық кәсіподақ төрағасының орынбасары Бақытжан Қуанышев құттықтау сөз сөйлеп, заманауи спорт қондырғыларымен жабдықталған кешеннің әрбір теміржолшыға жігер беріп, серпіліс сыйлайтынына сенім білдірді.

– Кезінде Батыс Қазақстан теміржолының құрамында барлық әлеуметтік нысандар, спорт

кешендері, бассейн, аурухана, мектеп, балалар бақшасы, шипажай – бәрі болды. Кейін Қазақстан темір жолы құрылып, әлеуметтік нысандар жергілікті басқару орындарының балансына өткесін, біз талай игіліктен айрылды. Бүгін, міне, сол олқылықтың орнын толтырып, теміржолшылар өз спорт кешеніне ие болып жатыр. Биыл Көлік кәсіподағының құрылғанына 30 жыл. Мерекенің басы – осы спорт кешенінің ашылуы. Алда талай игілікке куә боламыз деп ойлаймын, қуаныштарыңыз құтты болсын, – деді Бақытжан Мұханбетұлы. «Бүгінгідей қиын да күрделі кезеңге қарамастан осындай мүмкіндік сыйлап, жаңа заман талабына сай жаттығу орталығын ашу әр теміржолшыға жасалып отырған қолдау деп білеміз. Теміржолда жетістіктер көп болсын, елде бейбіт өмір болсын», – деп батасын берді ардагер теміржолшы Жеткерген Әлиев.

Ардан СЕРДАЛЫ, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

В ЦЕЛЬ ОДНИМ УДАРОМ

Интересную и захватывающую игру смогли увидеть болельщики на стадионе «Локомотив» станции Караганда-Сортировочная, где состоялось первенство Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» по баскетболу, посвященное 30-летию профсоюза.



МЯЧ, СЕТКА, ПОБЕДА!

Соревнования по волейболу, организованные ФСК «Локомотив» в честь Дня Победы, прошли в спортивном зале колледжа транспорта и безопасности жизнедеятельности Усть-Каменогорска.



– В турнире приняли участие три команды – Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22), Защитинской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-28) и ТОО «СпецСервисҚурылыс», – рассказал инструктор по спорту ФСК «Локомотив» Олег Кушкунов.

После продолжительной и напряженной борьбы первое место заняла команда ТЧЭ-22, на втором – волейболисты из ШЧ-28, на третьем месте – ТОО «СпецСервисҚурылыс». Команды-участницы получили дипломы и ценные призы.

Ольга УШАКОВА, Оскемен
Фото Олега КУШКУНОВА

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ ҚАЗКӨЛІККӘСІП Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Газет басылатын қалалар: Нұр-Сұлтан, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС Басылымның таралымы 20 000 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,	автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Кезекші редакторлар: Л. Ровба, Р. Рахметова	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосұйым Мұқаншев 8-778-946-09-66 Шымкент: Жаная Сыдықбай 8-707-390-17-18 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58 Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97	Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, т.ел.: 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.
--	--	--	--	---